

3. Қызметтік міндеттері:

- 3.1. Клиникалық практика өтетін медициналық ұйым қызметінің құрылымын, түрін және көлемін білу;
- 3.2. Практика жетекшісімен және ментормен (клиникалық базамен) практика бағдарламасын, клиникалық практикадан өту уақыты мен ұзақтығын бастағанға дейін бір апта бұрын келісу;
- 3.3. Практика жетекшісіне қажетті оқу-әдістемелік құжатты ұсыну;
- 3.4. Тьютор-барлық мәселелер бойынша клиникалық практиканың барлық қатысушыларымен өзара әрекеттеседі;
- 3.5. Ментормен бірге студенттің білімі мен іскерлігін бағалайды;
- 3.6. Ментормен бірге клиникалық практиканы бағалауға жауапты болады;
- 3.7. Қажет болған жағдайда педагогикалық мәселелер бойынша менторларға қолдау көрсетеді;
- 3.8. Оқу-әдістемелік құжаттамаларды дайындау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 3.9. Бөлім меңгерушілер мен директордың тәжірибие ісі жөніндегі орынбасары берген тапсырмаларды орындайды;
- 3.10. Оқу-жоспарлау құжаттамаларын жасауға қатысады.

4. Құқықтары.

- 4.1. Өзінің қызметіне қатысты Колледж басшылығы қабылдаған шешімдер жобаларымен танысуға;
- 4.2. Берілген тапсырмасы бойынша мамандардан өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуға;
- 4.3. Өзінің лауазымдық құқықтарын және міндеттерін орындау процесінде байқалған кемшіліктер туралы өзінің құзыреті шегінде бөлім меңгерушілерге және директордың тәжірибие ісі жөніндегі орынбасарына хабарлауға және оларды жою бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 4.4. Колледж басшылығынан өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында көмек көрсетілуді талап етуге құқылы.

5. Жауапкершілігі.

- 5.1. Колледждегі оқу-әдістемелік жұмыстардың уақытылы орындалуын ұйымдастыруға жауапты.
- 5.2. Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген шекте жауапты.
- 5.3. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шекте жауапты.
- 5.4. Материалдық залал келтіргені үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек және азаматтық заңнамасымен белгіленген шекте жауапты.

- 5.5. Оған сеніп тапсырылған техникалық және материалдық құралдар үшін жауапты.
- 5.6. Жұмыстарды орындаудың жай-күйі туралы дұрыс ақпарат беруге міндетті.
- 5.7. Басшылықтың бұйрықтарын, өкімдері мен тапсырмаларын орындамаған үшін жауапкершілікке тартылады.
- 5.8. Еңбек тәртібін, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және гигиена ережелерін, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтамау немесе тиісінше орындамау.
- 5.9. Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтары үшін жауапты.